

**Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі Бесқауға ауылы "Қуаныш" шаруа қожалығының аумағында карантин белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 1-03/3 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 1-03/10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімінің 06.12.2024 № 1-03/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Екібастұз қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторының 2024 жылдың 19 ақпандағы №1-10/26 ұсынысы негізінде, Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімі **ШЕШТІМ:**

1. Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округінің Бесқауға ауылы "Қуаныш" шаруа қожалығының аумағында жылқылардың арасында індетті лимфангит ауруының анықталуына байланысты карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімінің м.а.*

*Ш. Жаксалыкова*